«Бекітемін»
МД: ____________ С.Маденов

**Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру жоспар**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Іс-шаралар мазмұны | Мерзімі | жауапты | Қай жерде қаралды |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы мектептік №1 ата-аналар жиналысы:<br>- 2023-2024 оқу жылының міндеті;<br>-ата-аналар комитетінің құрамын сайлау;<br>-жаңа оқу жылында өтілетін іс- шара жоспарымен таныстыру;<br>- кітап білім бұлағы;<br>- салауаттылық өмір салты;<br>-өмірдің уақытша қиын кезеңдеріне кезіккен отбасыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру; | Қыркүйек | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 2 | Қамқорлыққа алынған оқушыларға демеушілік көмектерін ұйымдастыру. | 02.09.23ж. 25.05.24ж. | Ата-аналар комитетінің төраға/төрайым | ӘК |
| 3 | Құқықтық оқыту лекторийі | 02.09.23ж. 25.05.24ж. | Ата-аналар комитетінің төрағасы, тәрбие жұмысы жөнінде-гі орынбасарлар | ӘК |
| 4 | Сыныптар бойынша №1 ата-аналар жиналысы. | 16-18.09. 2023ж. | Сынып жетекшілер | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 5 | Мұғалімдер күнін атап өту іс-шаралары | Қазан | Мектеп әкімшілігі, кәсіподақ комитетінің төрайымы | ӘК |
| 5 | «Дөңгелек үстел»: «Салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі отбасыдан басталады» | Қараша, Сәуір | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘК |
| 6 | «Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңы», «Сен өз міндетіңді білесің бе?» | Желтоқсан | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘБО |
| 7 | «Ата-аналар университеті»:<br>1. «Қиын бала және қоршаған орта»<br>2. Құқықтық ағарту оқулары. | 02.09.23ж. 25.05.24ж | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘК |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Жалпы мектептік №2 ата-аналар жиналысы:<br>- І тоқсанның оқу қорытындылары;<br>- қиын бала қайдан шығады? /баяндама/<br>-ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету;<br>-«Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»;<br>-«Оқушының бос уақыты». Сауалнама толтыру;<br>-Қысқа дайындығымыз қалай? /әңгіме жүргізу/;<br>- «Тәрбие тал бесіктен», «Ата-ана міндеті» /баяндама/<br>-ҰБТ мәселелері. | қараша | Мектеп әкімшілігі | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 9 | Сыныптар бойынша №2 ата-аналар жиналысы | Қараша | Сынып жетекшілер | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 10 | Оқушының мектептен тыс уақытын ұйымдастыру. Сауалнама жүргізу. | қазан, қараша, желтоқсан, наурыз, мамыр. | психолог | ӘК |
| 11 | Жалпы мектептік №3 ата-аналар жиналысы:<br>-ІІ тоқсанның оқу қорытындысы;<br>-«Тәрбие- ортақ іс» баяндама;<br>-баланың өмір жолында кездесетін қиындықтар, баланы өмірге қалай дайындау керек? психологиялық тренингтер;<br>-Құқықтық оқыту;<br>-ҰБТ мәселелері. | Қаңтар | Мектеп әкімшілігі, медбике, психолог | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 12 | Сыныптар бойынша №3 ата-аналар жиналысы: | Қаңтар | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘК |
| 13 | Отбасылық кеңес қызметі: сұрақ-жауап. | Ақпан | психолог | ӘК |
| 14 | Пікірсайыс: «Балаларымыздың жасырын әлемі» | Ақпан | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар, психолог | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 15 | Қамқорлық тобымен бірге ардагерлердің үйіне көмек көрсету | Ақпан | Тәлімгер, сынып жетекшілер | ӘК |
| 16 | Әңгіме :«Қандай дүниеде өмір сүргіміз келеді?» | Наурыз | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер Психолог | ӘК |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17 | Шығарма: «Менің анамның мамандығы, әкемнің кәсібі» | Наурыз | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер, | ӘК |
| 18 | Жалпымектептік №4 ата-аналар жиналысы:<br>-III тоқсанның қорытындысы;<br>- жазғы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;<br>- «Тәрбие мен білім егіз» /баяндама/;<br>- оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға психологиялық құбылыстар. Жанұядағы жанжалды жеңе білу.<br>-жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу. Қылмыстық Кодекс;<br>-ҰБТ мәселелері. | сәуір | Мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 19 | Сыныптар бойынша №4 ата-аналар жиналысы: | Сәуір | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘК |
| 20 | Сайыс: «Үлгілі отбасы» | Сәуір | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар, психолог | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 21 | Ата-аналар университеті:<br>1. Баяндама «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»<br>2. Құқықтық ағарту оқулары | Сәуір | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар, психолог | ӘК |
| 22 | Жалпы мектептік №5 ата-аналар жиналысы:<br>- оқу жылының қорытынды есебі;<br>- оқушыларды еңбек практикасына өткізу;<br>-жаңа оқу жылына дайындық;<br>- «Бала құқығы туралы» Конвенция;<br>-«Қамқорлық және қорғаншылық» туралы. Патронат жөнінде ереже.<br>- ҰБТ мәселелері. | Мамыр | Мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті | Ата-аналар комитетінің отырысы |
| 23 | Сыныптар бойынша №5 ата-аналар жиналысы. | Мамыр | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар. Сынып жетекшілер | ӘК |

Түзген,
ДТІЖО : Б.Абдикаримов

Сканировано с CamScanner

**Түркістан облысы**
**Келес ауданы**
**«№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектеп»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы

**ДТІЖО : Абдикаримов Б**

**Игілік ауылы**
**2023-2024 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

**«Біртілек» ауылдық округіне қарасты №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінің ата-аналар жиналысы, құқық бұзушылықтың алдын алу, әкелер кеңесін құру, құқық бұзушылыққа жол бермеу, аутодеструктивті мінез-құлықтың, ұялы телефонның зиянының алдын алу мақсатында өткізілген жиналысының**

## ХАТТАМАСЫ

**Күні:** 27.09.2023 ж
**Күн тәртібінде:** құқық бұзушылықтың алдын алу, әкелер кеңесін құру, құқық бұзушылыққа жол бермеу,
**Мақсаты:** ата-аналар арасында әкелер кеңесін құру, құқық бұзушылыққа жол бермеу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.
**Ұйымдастырған:** №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінің директоры С.Маденов, ДТІЖО Б.Абдикаримов, мектеп психологы Ж. Сулейманова мен бірге өткізген жиналысы.

**Ата-аналар саны: 73**

**Күн тәртібі:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу
2. Әкелер кеңесін құру және әкелер кеңесінің құрудың мақсаты мен міндеттері туралы (С.Маденов)

3.Құқық бұзушылыққа жол бермеу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және **«Бестерек»** жобасы туралы (Ж. Сулейманова)

4. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, өз-өзіне қол жұмсау мәселелері және «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» туралы (Б.Абдикаримов)
2. Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық зомбылыққа ұшырауы туралы. (Б.Абдикаримов)
3. Түрлі мәселелер сұрақ – жауап, ұсыныстар, жарыс сөз.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директоры С.Маденов қазіргі таңда әкелер кеңесін құру және әкелер кеңесінің құрудың мақсаты мен міндеттері туралы түсіндіріп өтті. Бес ауылдан келген ата-аналардан әр ауылдан бір әкеден сайланып әкелер кеңесі құрылды. Әкелер кеңесін сайлап солардың ішіндегі төрағасын сайлады. Мектепке әкелерді барлық іс-шараларға, жиындарға тартылуы керек екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп психологы Ж.Сулейманова құқық бұзушылыққа жол бермеу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ата-аналарға шығу себептері мен салдарларын атап өтті. Аутодеструктивті оқушылардың соткадағы белгілері, суреттерін көрсетіп түсіндірді. **«Бестерек»** жобасымен

Сканировано с CamScanner

таныстырып қандай оқушылармен жұмыс жасайтынын, отбасындағы қандай жағдайлар оқушыларға кері әсерін тигізетінін нақты атап кетті. Сосын оқушылардың жеке соткалары немесе ата-аналарының соткасымен кіретінін айтып қадағалауын өтінді.

Д. Буханбаев қазіргі таңда мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың жиі кездесіп жатқандығын, сондықтан мектеп оқушыларына тәртіпті болу, кешке беймезгіл көшеге шықпау керектігін, ұялы телефонды қажетті кезде, пайдалы жағынан ғана қолдану, әлеуметтік желілерден оқушыға қажетті заттарды ғана пайдалану керектігін ескертті.

Жиынның соңында ата-аналар өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойып, жауаптар алынды. Сөзге шыққан Мұхан, Қуантай аталарымыз келген қонақтарға алғысын айтып, өздерінің өсиет сөздерін айтып өтті.

**Шешім:**

1. Әкелер кеңесі құру мектеп директорына міндеттелсін.

Әкелер кеңесінің құрамы төмендегіше бекітілсін.

1. Әкелер кеңесінің төрағасы: Утелов Мұхамеджан
2. Хатшысы: Исахова Ақмарал
3. Мүшелері: Назаров Қалжігітт
   Құлбаев Қасым
   Срайлов Мамирәлі
   Аман Бахтияр
   Еринбетов Бақыт
   Жұмағұлов Ғалымжан
   Сыдықов Жайсанбек болып бекітілсін.

2. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар тәрбиесі мен тәртібін қадағалау сынып жетекшілер мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримовке міндеттелсін.

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мобильді топтың жұмысы жандандырылып, АІБ бірлескен жоспарлар атқарылсын.

**Жиналыс төрағасы:** **С.Маденов**

**Хатшысы:** **Ж.Сулейманова**

Сканировано с CamScanner




Сканировано с CamScanner

# Ата – аналар жиналысының хаттамасы №1

2023-2024 оқу жылының

2023 жылдың_20_ қыркүйек күні, №10 «Игілік жалпы орта мектебінде 9«а» сыныбында өтті.

**Мектеп әкімшілігі**

**Директор:** С. Маденов

**Директордың тәр.жөн. орынбасары:** Б. Абдикаримов

**Мектеп психологы:** Ж. Сулейменова

**Сынып жетекшісі:** С.Жауғашова

Жиналысқа қатысуға тиісті ....**20**...

Қатысқаны: **17**

Қатыспағаны: **3**

Тақырыбы: **«Тәрбие құндылықтары басты міндет»**

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

**1**. Баяндама . Баланың басты ұстазы ата – ана.

**2**. Жаңа оқу жылының басталуы. Ата-аналар комитетін сайлау.

**3**. Оқушылардың киім үлгісі, тәртібі, ұялы телефон, сабақтан себепсіз қалмау, сабақтан сұрану жайында. Оқушылардың түнде көшеде жүру мәселесі.

**4**. ББЖМ-ға дайындық жұмыстары.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша сынып жетекші Жауғашова Сулухан өз сөзін « Тәрбие тал бесіктен басталады » атты баяндама оқып бастады. Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата –

Сканировано с CamScanner

анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады.

Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 5 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма?

**Екінші мәселе** бойынша сынып жетекшісі жиналыста мектепте оқыту жүйесі мен ерекшеліктері туралы ата-аналарды хабардар етті.

Ата-налар комитеті етіп өз араларында Еринбетова Хадиша апайды сайлады.

**Үшінші мәселе** бойынша мектебіміздің тәр. жөн. орынбасары Абдикаримов Берік мырза сөз алды. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын ескертті. Сабақтан себепсіз 3 күннен астам уақыт қалатын болса ауыл учасковыйына ескертіп оқушыны есепке алуын айтып өтті.

«Ұялы телефон» қазіргі таңда өте қиын мәселе болып келеді .Үйде де ,мектепте де баланың қолынан түспейтін құрылғы болды. Ата-аналарға телефонда қандай сайттарға кіретінін, кіммен сөйлесетіндігін, неге қызығатындығын бақлап жүруді ұсынды. Мектепке ұялы телефон әкелуге тыйым салды, бірақ біржағдайларға байланысты әкелетін болса сынып жетекшісіне беріп сабақ соңында қайта алып кетуіне болады деді. Бірақ ұялы телефонды сабақта қолданса, онда телефон мектеп әкімшілігі тарапынан тәркіленеді және оқу жылы соңында қайтарылатынын айтып ескертті. Түнде көшеге шығармауын атап айтты. Оқушылар сабақтан сұранған жағдайда анасы не әкесі келіп алып кетуін айтты. Не қоңырау шалып ескертуін айтты.

Сынып жетекші Жауғашова Сулухан сөз алды ата-аналарға оқушылардың сабақтан себепсіз қалмау,қалған жағдайда анықтама әкелу,немесе ватсап желісінде ескертулерін айтты, дене шынықтыру киімін өздерімен алып келу, форма міндетті түрде киетіндіктерін, ақ бантик ,қара туфли , т.б., мектеп мүлкін бүлдірмеу, оқу - құралдарын таза ұстау, қауіпсіздік шарасы бойынша ата –ана тарапын жауапкершіліктерімен таныстырып өтті.

**Төртінші мәселе** бойынша оқушыларды ББЖМ- ға белсене дайындалса мектепте сол дайындық бойынша тест алып отырсақ деген ұсыныс айтылды.

Сканировано с CamScanner

**Қаулысы:**

1. «Тәрбие тал бесіктен басталады » атты баяндама тыңдалды.

2. Ата-аналар комитеті болып Еримбетова Хадиша апай сайланды.

3. Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ. Бүгінгі көтерілген мәселелер бойынша бірауыздан қабылданып ,барлығы тарапынан ризашылық білдірілді.

**Сынып жетекшісі:** **Є. Жауғашова**

**Қатысқан ата-аналар**

**1.Түймебаева Н**

**2. Сыдықов Ж**

**3. Асқарова Г**

**4. Алшынбаев Қ**

**5. Аққалов М**

**6.Маденова Г**

**7. ТұрғынбаеваТ**

**8. Исмайлова А**

**9. Санаева Р**

**10. Аманбаев Б**

**11. Орынбекова А**

**12 .Рустемова У**

**Қатыспаған ата-аналар**

**1. Смадияров Д**

**2.Смайлов Ж**

**3. Қасымқұлов Н**

Сканировано с CamScanner

## Ата – аналар жиналысының хаттамасы №2

2023-2024 оқу жылының

2023 жылдың_20- қараша күні, №10 «Игілік жалпы орта мектебінде 9«а» сыныбында өтті.

**Мектеп әкімшілігі**

**Директор:** С. Маденов

**Директордың тәр.жөн. орынбасары:** Б. Абдикаримов

**Мектеп психологы:** Ж. Сулейменова

**Сынып жетекшісі:** С.Жауғашова

Жиналысқа қатысуға тиісті ....**20**...

Қатысқаны: **16**

Қатыспағаны: **4**

Тақырыбы: **«Күш білімде»**

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

**1**. Баяндама . Күш білімде.

**2**. 1-тоқсан қорытындысы бойынша сынып жетекшінің есебі.

**3**. Оқушылардың киім үлгісі, тәртібі, ұялы телефон, сабақтан себепсіз қалмау, сабақтан сұрану жайында. Оқушылардың түнде көшеде жүру мәселесі.

**4**. ББЖМ-ға дайындық жұмыстары.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша сынып жетекші Жауғашова Сулухан өз сөзін « Күш білімде » атты баяндама оқып бастады. Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы.

Сканировано с CamScanner

Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады.

Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 5 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма?

**Екінші мәселе** бойынша сынып жетекшісі С.Жауғашова 1- тоқсан қортындысымен таныстырып өтті.Оқушылардың сабақ үлгерімі туралы айтып өтті.Сонымен қатар алгебра, физика, химия, биология пәндері бойынша білім сапасын көтеру керектігін айтып өтті.

**Үшінші мәселе** бойынша мектебіміздің тәр. жөн. орынбасары Абдикаримов Берік мырза сөз алды. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын ескертті. Сабақтан себепсіз 3 күннен астам уақыт қалатын болса ауыл учасковыйына ескертіп оқушыны есепке алуын айтып өтті.

«Ұялы телефон» қазіргі таңда өте қиын мәселе болып келеді .Үйде де ,мектепте де баланың қолынан түспейтін құрылғы болды. Ата-аналарға телефонда қандай сайттарға кіретінін, кіммен сөйлесетіндігін, неге қызығатындығын бақлап жүруді ұсынды. Мектепке ұялы телефон әкелуге тыйым салды, бірақ біржағдайларға байланысты әкелетін болса сынып жетекшісіне беріп сабақ соңында қайта алып кетуіне болады деді. Бірақ ұялы телефонды сабақта қолданса, онда телефон мектеп әкімшілігі тарапынан тәркіленеді және оқу жылы соңында қайтарылатынын айтып ескертті. Түнде көшеге шығармауын атап айтты. Оқушылар сабақтан сұранған жағдайда анасы не әкесі келіп алып кетуін айтты. Не қоңырау шалып ескертуін айтты.

Сынып жетекші Жауғашова Сулухан сөз алды ата-аналарға оқушылардың сабақтан себепсіз қалмау,қалған жағдайда анықтама әкелу,немесе ватсап желісінде ескертулерін айтты, дене шынықтыру киімін өздерімен алып келу, форма міндетті түрде киетіндіктерін, ақ бантик ,қара туфли , т.б., мектеп мүлкін бүлдірмеу, оқу - құралдарын таза ұстау, қауіпсіздік шарасы бойынша ата –ана тарапын жауапкершіліктерімен таныстырып өтті.

**Төртінші мәселе** бойынша оқушыларды ББЖМ бойынша дайындық жұмыстарының қорытындысымен таныстырып өтті. Балдардың сабаққа ден қоюына жағай жасауын,үнемі ата-аналардың қадағалау керектін айтып өтті.

Сканировано с CamScanner

**Қаулысы:**

1. «Күш білімде » атты баяндама тыңдалды.

2  1- тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ. Бүгінгі көтерілген мәселелер бойынша бірауыздан қабылданып ,барлығы тарапынан ризашылық білдірілді.

**Сынып жетекшісі:** **С. Жауғашова**

| **Қатысқан ата-аналар** | **Қатыспаған ата-аналар** |
|---|---|
| **1.Түймебаева Н** | **1. Смадияров Д** |
| **2. Сыдықов Ж** | **2.Смайлов Ж** |
| **3. Асқарова Г** | **3. Қасымқұлов Н 4.Джакипова** |
| **4. Алшынбаев Қ** | |
| **5. Аққалов М** | |
| **6.Маденова Г** | |
| **7. ТұрғынбаеваТ** | |
| **8. Исмайлова А** | |
| **9. Санаева Р** | |
| **10. Аманбаев Б** | |
| **11. Орынбекова А** | |
| **12 .Рустемова У** | |

Сканировано с CamScanner

**№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен бірге өткізілген жиналысының**

# ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні : 27.09.2023ж
Қатысқандар: 73 «Игілік» ауылы

**Күн тәртібі:**

1. **Жиналысты ашып, тақырыппен таныстыру:** ***МД : С.Маденов***
2. **«Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»**
   ***Баяндамашы: ДТІЖО: Б.Абдикаримов***
3. **«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында** ***: педагог-психолог Ж.Сулейманова***
4. **«Бала құқығын қорғау» тақырыбында баяндама тақырыбында: Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция майоры Т.Қоштаев**
5. **Басқада мәселелер бойынша :** ***МДОІЖО: Қ.Муслимов***

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры: С.Маденов аудан көлемінде, соның ішінде №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлек[illegible]тік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. С.Маденов жиналыстың күн тәртібі мен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады . Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғалам[illegible]рға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТІЖО Б.Абдикаримов кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепішілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Ба[illegible]лы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан

Сканировано с CamScanner

мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Ж.Сулейманова «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция майоры Т.Қоштаев Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау туралы айтып өтті.

Мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы Қ.Сарыбаев және әкелер кеңесінің төрағасы М.Утелов – «Ұл тәрбиесі» , «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Мектеп директоры: С.Маденов жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын. Мектеп пен ата – аналармен келісім шарт түзіліп, ұялы телефонды мектепке алып келмеуге келісті.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

| | |
|---|---|
| Мектеп директоры: | С.Маденов |
| МДТІЖО: | Б.Абдикаримов |
| Педагог-психолог: | Ж.Сулейманова |
| Ата-аналар комитетінің төрағасы: | М.Утелов |
| Хатшы : | Ш.Байбосынова |

Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner

**№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №1**

04.09. 2021 ж

Игілік ауылы.

Қатысуға тиісті - 232
Қатысқаны - 152

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы, 2021-2022 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері (Қ. Полатов)
2. Бес күндік оқу аптасын енгізу және Күнделік KZ туралы. (Қ. Муслимов)
3. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, үлгерімі т.б. (Б.Абдукаримов)
4. Жасөспірімлер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм, нашақорлық, суицид туралы. (Біртілек а/о жастар ісі бойынша бас маман (Мархабай Бейжігіт)
5. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
6. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директоры Қ. Полатов өткен 2020-2021 оқу жылында мектепті 467 оқушы аяқтап, олардың 62-і мектепті үздік аяқтағандығын, 39 оқушы 9-сыныпты аяқтап негізгі орта білімі туралы куәлік, 41 оқушы 11-сыныпты аяқтап, жалпы орта білім туралы аттестат алғандығын, және 3-оқушы қызыл негізгі аттестат, 1-оқушы үздік жалпы аттестат алғандығын айтып өтті. Жалпы өткен оқу жылын қанағаттанарлық деп қорытындылады. Биылғы 2021-2022 оқу жылын 500 оқушымен бастап, жаңартылған білім мазмұны бойынша жаңалықтарға тоқталып өтті.

Келесі мәселе бойынша сөз алған оқу ісінің меңгерушісі Қ. Мулимов оқушылардың білім сапасына, ҰБТ-ның нәтижесіне, жетістіктер мен 2021-2022 оқу жылындағы жаңартылған білім бойынша бес күндік оқу жоспарымен, бағдарламаларымен, сабақ кестесімен, үзілістердің уақытын таныстырып өтті. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ таңғы 08.45-те басталады, 1-сабақтан кейін 5-минут үзіліс , 2-сабақтан кейін 10-минут үзіліс, 3-сабақтан кейін 15-минут үзіліс және қалған үзілістер 5-минуттан екендігін, әр сабақ 45-минуттан өтілетінін, сәрсенбі күні -сабақтан, аптаның қалған күндері 8-сабақтан өтілетіндігін айтты.

Сөзге шыққан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов оқушылардың сабаққа қатысуы бастауыш сыныптарда жақсы, ал орта буын мен жоғары сыныптарда жиі кездесетіндігін атап өтті. Ата-аналарға балаларды себепсіз мектептен

Сканировано с CamScanner

алып қалмауын, егерде себеп болса сынып жетекшіге немесе мектеп әкімшілігіне ескерту керектігін айтты. Оқушылардың тәртібі жаман еместігін айтып, дегенменде ата-аналардан балалардың тәртібін мұқият қадағалау керектігін, сабақтан оқушылардың себепсіз қалмауын ескертті. Кешкі мезгілде сағат 22.00-ден кейін балаларды үйден шығармауын ескертті. Ата-анамен мұғалім біргелікте баланың үлгерімін қадағалап, үнемі бақыласа оқушының білімін көтеруге әбден болатындығын ескертті. 5-күндік оқу аптасына өтуге байланысты тасымалдайтын автобустардың жүру уақыты таңертең өзгеріссіз, түскі мезгілде сәрсенбі күні Зеңгі ата, Шырылдақ, Түнеке там елді мекендеріне тасымалдайтын көлік сағат $12^{40}$-та және $14^{10}$-да, қалған күндері $13^{25}$-те және $14^{55}$-те келетіндігін, ал Жабай төбе, Еңбекке қатынайтын көлік сәрсенбі күні түсте сағат $14^{10}$-да және $14^{55}$-те келетіндігін хабарлап айтты. Тасымалдау кезінде мектепте мұғалімдерден көлікке және көшеге кезекшілік қойылғандығын, елді мекендерге ата-аналар тарапынан кезекшілік ұйымдастыру керектігін ескертті.

Кейінгі мәселе бойынша сөз алған (Біртілек а/о жастар ісі бойынша бас маман Б.Мархабай)
қазіргі таңда оқушылар арасында құқықбұзушылықтың жиілеп бара жатқандығын ескетіп, ұялы телефонның әсерінен көптеген қылмыстар пайда болып жатқандығын, балаларды кешкі мезгілде қамқоршысынсыз көпшілік жиналатын орындарға, ойын-сауық өтетін орындарға жалғыз жібермеу керектігін ескертті. Жастардың діни сауатсыздығынан, діни ағымдардың көбейіп кетуіне байланысты жастарға тура жол көрсету , тыйым салынған діндер туралы көбірек мәлімет беріп отыру керек. Жастар арасында суицидтің жиілеп бара жатқандығын ескетіп, бала мінезінде ауытқу пайда болса шұғыл түрде психологпен хабарласу керек екендігін айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Полатов ата-аналар комитетінің құрамын жаңадан сайлау немесе былтырғы құрамды қалдыру мәселесін көтерді. Ата-аналар комитет құрамына жаңа мүшелерді сайлау керектігін ұсынды. Қ. Полатов бірінші кезекте әр елді мекеннен ата-аналар комитетінің мүшелері мен төрағаларын сайлап алуды ұсынды. «Игілік» елді мекенінен сөзге шыққан ата-ана М. Өтелов Игілік ата-аналар комитеті құрамына төмендегі ата-аналарды ұсынды: Даурен Ораловты, «Түнеке там» елді мекенінен сөз алған Серік Бабақұлов мына ата-аналарды ұсынды: Жұмабеков Талғат, Жабай төбе» елді мекенінен сөз алған Байдуллаев Маратты, «Еңбек» елді мекенінен сөзге шыққан Наргиза Ақылбекова Ерінбетов Хұсанды ұсынды. Келесі сөзге шыққан ата-ана Шахабов Арапбай мектептің ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналарды ұсынды: Махаев Нұржүректі, Құлбаев Рүстем, Қарамырзаев Бахтиярды ұсынды. Мектептің ата-аналар комитетінің жаңа құрамы ата-аналар комитетінің төрағалығына Оралов Дауренді ұсынып, бекітті.

Ата-аналар ұсыныстарды бірауыздан қолдап, жоғарыда аталған ата-аналар төрағалық және мүшелікке бекітілуді ұсынды.

Түрлі мәселелер бойынша Б.Абдикаримов тасымалдау бойынша әр елді мекенде ата-аналардан кезекшілік ұйымдастырылып, оқушыларды тасымалдау көлігіне шығарып салу керектігін ескертті. Дау-жанжалдың көбісі ұялы телефоннан шығатындығын айтып оқушылардың мектепке ұялы телефон алып келмеу турулы ұсыныс жасап, ата-аналар бұл ұсынысты толық қолдады. Әрбір ата-ана мектеп әкімшілігімен келісім шартқа отыру керектігін ескертті.

Жоғарыдағыларды тыңдай келе ата-аналар жиналысы төмендегідей шешім қабылдады:

Сканировано с CamScanner

**Шешім:**

1. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақтар бес күндік оқу күніне көшірілсін.

3. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, үлгерімін т. б. қадағалау сынып жетекшілер мен ата-аналардан сұралсын.

4. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық, құқықбұзушылықтың , діни экстремизмнің, нашақорлық пен суицидтің алдын алу шараларын өткізу сынып жетекшілерден, үйде қадағалау ата-аналардан сұралсын.

5. Мектепке мектеп оқушыларының ұялы телефон алып келуіне қатаң тыйым салынсын.

6. Мектептің ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналар бекітілсін: төрағасы: Даурен Оралов , орынбасары Ерінбетов Хұсан, мүшелеріне: Махаев Нұржүрек, Байдуллаев Марат, Асханов Кеңес және Жұмабеков Талғат, Қарамырзаев Бахтияр, Құлбаев Рүстем, Ерімбетов Бақыт бекітілсін.

**Жиналыс төрағасы:** **Қ. Полатов**

**Ата-аналар ком. төрағасы:** **Д. Оралов.**

**хатшысы:** **Г.Маденова**

Сканировано с CamScanner

**«Біртілек» ауылдық округіндегі №10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі кезектен тыс ата-аналар жиналысы**

**Хаттамасы**

**Күні:** 08.12.2021ж.

**Өтілген орны:** №10 «Игілік» жалпы орта мектебі

**Қатысқандар:** Біртілек ауыл әкімі Х.Кеңес, Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Б.Абдиев, Мектеп әкімшілігі, Игілік ауылының ата-аналары және ауыл биі Н.Махаев

**Жалпы қатысқандар: 62**

**Күн тәртібі:**

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу
2. 7-сынып оқушысы Тұрсынбек Хансұлтанның тәртібі жайлы

**Тыңдалды:**

Жоғарыдағы мәселе бойынша сөз алған Біртілек ауыл әкімі Х.Кеңес аулда болып жатқан 7-сынып оқушысы Тұрсынбек Хансұлтанның ауылда тұруына және №10 «Игілік» жалпы орта мектебінде оқуына ауыл жастары қарсы екені айтылды, және бұл жағдайды бейбіт жолмен шешу керкектігін айтып өтті.

Келесі сөз алған Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Б.Абдиев 7-сынып оқушысы Тұрсынбек Хансұлтанның қазіргі таңда Сайрам ауданында орналасқан оңалту орталығында оқып жатқанын және осы балаға байланысты Түркістан облысында кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылыққа байланысты үш рет сот отырысы өткенін айтып өтті. Сот отырысында ешқандай зорлық-зомбылық болмағандығы дәлелденді. Сот отырысының шешімі бойынша қайта осы мектепке келетіндігін ескертті.

Ауыл биі Н.Махаев ауылдың ата-аналары күніге телефонмен де ауызша да Тұрсынбек.Хансұлтанның ауылда тұруына және осы мектепте оқуына қарсы екенін айтып және бұл жағдай екінші рет қайталанғандығын айта өтті. Мүмкін болса басқа мектепке ауыстырып беруін сұрады.

7 -сыныптың сынып жетекшісі С.Жауғашова мен бұл баланың тәрбиесін шамам келгенше қарадым, өзінің көп балалы ана екенін және бұл баланың тәрбиесі нашар екенін анасына бірнеше рет ескерткенін айтты.

Мектептің педагог-психологы Ж. Сулейманова сөзге шықты ол баланы психиаторларға көрсетіңіз деп бірнеше рет ескерткенін және мен б баламен қолымнан келгенше күрескенін, қаншама рет психологиял көмек көрсеткенін және Келес аудандық зорлық-зомбылыққа жауап психолог мамандар мен біргелікті жұмыс атқарғандығын айтты.

Келесі сөз алған ата-аналар комитетеінің төрағасы Д.Оралов мүм болса екі жақ келісіп басқа мектепте білім алса бәрімізге дұрыс бо

Сканировано с CamScanner

еді және оқушылармен мектеп болып ата-ана болып бірігіп бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу керектігін айтып өтті.

Келесі сөз алған Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Б.Абдиев 7-сынып оқушысы Тұрсынбек Хансұлтанды басқа мектепке ауыстырып беруіне келісім берді.

Тұрсынбек Хансұлтанның атасы Д.Уалиев Хансұлтанның тәртібіне, тәрбиесіне және барлық жауапкершілікті өз мойнына алатынын айтты. Алда уақытта бұндай келеңсіздік жағдайдың болмауына уәде берді.

Шешім:

1. Тұрсынбек Хансұлтанның тәрбиесі мен тәртібін бақылау анасы П.Уалиева, атасы Д.Уалиевтерге жүктелсін.
2. Тұрсынбек Хансұлтан №10 «Игілік» жобб мектебінен басқа мектепке ауыстырылсын.

**Жиналыс төрағасы:** **Д.Оралов**

**Хатшысы:** **А.Исакова**

Сканировано с CamScanner

# Хаттама

№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 12.02.2022 жылы 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: 91

**Күн тәртібінде:**

1. «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов
2. «Отан отбасынан басталады» мектептің тәлімгері А. Атемқұлов
3. Баяндама «Ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынас» мектеп педагог-психологы Ж. Сулейманова
4. Баяндама «Патриоттық тәрбие» мектептің АӘД пән мұғалімі Е. Нысанбаев
5. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының уақытша міндетін атқарушысы Қ. Муслимов ата – аналарға бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Ата – аналарға әр сәнсенбі күні «Ашық есік» күні деп айтты, сол кезде балаларының сабақтарына қатысуына болатындығын айтты.
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов былай деді: Қазіргі кезде «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында баяндама оқыды. Ұялы телефонның балаға қатты әсері болып жатқаннан және алдын алу масатында ата-аналарға сол туралы қатты қадағалап айтып кетті. Ата-аналарға баланы әрқашан қадағалап тұруын ескертті.

Екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері «Отан отбасынан басталады» атты баяндамасын оқып және видеоролик көрсетті. Ата – аналарға балаларын таңертең ерте оятып жіберуін, балалардың мектепке кешігіп келіп жатқанын ескертті. Мектепте «өзін - өзі басқару» мүшелерімен таныстырып өтті. Ата –аналарға өзін - өзі басқарудың мақсаты мен міндеттерін айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы ата-аналарға видеороликтерді көрсетіп, сол арқылы ата – анамен бала арасындағы қарым – қатынас түрлерімен таныстырып өтті. Видеороликті көрсетіп болған соң ата – аналарға қандай әсер алғандығын сұрады? Қандай сезімде болдыңыздар деп ата – аналарға бірнеше сұрақтар қойып жауап

Сканировано с CamScanner

алды. Оқушылардың бойындағы өзгерістері мен мінез-құлықтың шығу себептерімен таныстырып өтті. Әрқашанда баланы тыңдап, оның айтқан сөзіне зейін салып, сырласу керек екендігін атап өтті. Баланы шектен тыс қаталдық немесе шектен тыс еркелетуге болмайды себебі ол баланың дамуына өз әсерін тигізетінін ескертті. Ата-ана әрқашан баласын қолдап, алдына қойған мақсатарына жетуге көмектесу және ешқашанда баланы салыстыруға болмайтынын түсіндіріп өтті. Сөз соңында ата – аналарға 14 кеңестер берілді.

Төртінші мәселе бойынша мектептің АӘД пән мұғалімі Е. Нысанбаев «Патриоттық тәрбие» атты баяндамасын оқып өтті. Ата-аналарға «Отан сүю отбасынан басталады» отан сүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор екенін ескертіп айтты.

Әртүрлі мәселелерге ата – аналар сөзге шығып өз көзқарастарын айтып өтті.

**Шешім:**

1. Оқушылардың түнгі уақытта жүрмеуін, сабақтан себепсіз қалдырмау ата-аналарға міндеттелсін.

2. Оқушылардың үйде қатаң бақылауын ата-аналардан сұралсын.

3. Оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізу, түсіндіру, түзету жұмыстарын жүргізу мектеп психологы Ж. Сулеймановадан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы:** Д. Оралов

**Хатшы:** А. Исакова

Сканировано с CamScanner

«№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ата-аналар жиналысының хаттамасы

**ХАТТАМА №4**

Игілік ауылы 2 мамыр 2024 жыл, сағ.10-00

**Жиналысқа қатысқандар:** Ата-аналар, сынып жетекшілер, 11 сынып оқушылары
**Жиналыс төрағасы:** С.Маденов
**Хатшысы:** А.Исакова

**Күн тәртібі:**

1. «Соңғы қоңырау» мерекесі қарсаңында қаржы жинау фактілерінің алдын алу.
2. 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты заңсыз ақша жинаудың алдын алу

**Тыңдалды:**

**Тыңдалды:** С.Маденов-мектеп директоры, құрметті ата-аналар, ұстаздар және бітіруші түлектер, міне 11 сынып оқушылары мектепті бітіру қарсаңында тұр.Оқу жылының аяқталуы Оқу-ағарту министрінің шешімімен 24 мамыр күні 1-10 сыныптар арасында Бірыңғай сынып сағаты ретінде өтіледі.11 сынып бітірушілері үшін 25 мамыр күні Соңғы қоңырау мерекесі ұйымдастырылады. Мерекені өткізу барысында ешқандай астамшылыққа жол берілмейді, онда артық шығын шығарып студияларды шақыруға қатаң тыйым салынады, еліміздегі орын алып жатқан төтенше жағдайларға байланысты шағын түрде ғана атап өту қажеттігін назарларыңызға жеткіземін.

Келесі мәселе 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты мектепті ағымдағы жөндеуден өткізу үшін ата-аналардан, сынып оқушыларынан ешқандай қаражат жиналмайды, қажетті материалдарды үкімет тарапынан бөлінетіндігін және бүгінгі таңда біраз материалдар бөлінгенін атап өтті.

**Тыңдалды:** Б.Абдикаримов, директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары, құрметті ата-аналар және оқушылар. Соңғы қоңырау мерекесі қарсаңында оқушылардың кортедж жасап көшеде жүрулеріне және кафелерде банкет жасауға қатаң тыйым салынып отыр. Осы жағдайды ата-аналар қатаң назарға алып, балаларыңызға ескертіп отырсаңыздар,. алайда біз қанша ескерткенімізбен, жасырын түрде жасауы мүмкін. Сондықтан ұл-қыздарыңызды үнемі бақылауда ұстап, ескертіп отыруларыңызды сұранамыз.

**Тыңдалды:** М.Утелов, ата-аналар комитетінің төрағасы, құрметті ата-аналар және оқушылар, Елімізде су тасқыны орын алып жатқан кезде Соңғы қоңырау мерекесін артық шығынсыз шағын ғана жағдайда өткізгеніміз өте орынды болады, мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарына да ата-аналардан ешқандай қаражат жинамай үкіметтен бөлінген материалдар жеткілікті екендігін мәлімдеді. Сондықтан бәріміз мерекені түсіністікпен қарап, артық шығынсыз және даңғазасыз өткізгеніміз өте дұрыс болады.

Осы жоғарыдағы мәселелерді қорыта келе қаулы қабылдады

**Қаулы:**

1.Мектепте Соңғы қоңырау мерекесі артық шығынсыз, шағын түрде ұйымдастырылсын.
2.Мектепті ағымдағы жөндеу кезінде ата-аналардан ешқандай қаражат жиналмасын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов
Хатшысы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

«№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген жалпы ата -аналар жиналысының

Хаттамасы №3

Игілік ауылы 05.04.2024ж

**Күн тәртібі:**

1. Оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі Зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың, әлімжеттіктің, суйицидтің алдын алу.
2. Оқушылардың көктемгі демалысын мазмұнды өткізу іс-шараларымен таныстыру.
3. Оқушылардың тыйым салынған сайттарға кірулерінің алдын алу.

**Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов құқықбұзушылықтың алдын алу туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндама барысында оқушылардың түнгі мезгілде көшеге шықпауыжайлы айтып өтті. Соңында ата-аналар өз пікірлерін ортаға салды.

Келесі мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Сулейманова өзінің баяндамасын слайдтар арқылы түсіндіріп өтті. Онда оқушылар смартфон арқылы түрлі тыйым салынған сайттарға кіріп жатқандығы анықталғанын слайдта көрсетіп берді.Соңынан ата-аналар сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

**Тыңдалды:** Оқушылардың көктемгі демалыстағы қауіпсіздігі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов сөз алып, оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздігі туралы айтылды. Демалыс кездерінде табиғатқа серуендеуге, кафелерге, басқа елді мекендерге бармау керектігі ескертілді. Рамазан айының кезінде мешіттерге бармау, жарапазан айттпау және түнгі мезілде көшеде жүрмеулерін айтты. Мерекелік жиындар, туылған күн кештерін өткізуге болмайтындығын қатаң ескертті.

Оқушылардың смартфондарынан әр түрлі тыйым салынған сайттарға кіруі анықталуына байланысты балаларының смартфондарын тексеріп отыру және демалыстан кейін мектепке смартфон алып келуге тыйым салу туралы ұсыныс тастады.Ұсынысты ата-аналар бірауыздан мақұлдады. Соңынан ата-аналар өздерінің ойларымен бөлісіп, оқушылардың қауіпсіздігі бойынша біргелікті жұмыс жасауға келісті.

Осы жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе жиналыс қаулы қабылдады.

**Қаулы:**

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлімжеттіктің және Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектеп оқушыларының көктемгі демалысын мазмұнды өткізу жоспарын жүзеге асыру жұмыстары қатаң бақылансын.
3. Демалыстан кейін оқушылардың мектепке смартфон алып келулеріне қатан тыйым салынсын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов

Хатшысы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

«№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген кезектен тыс өткізілген «Тәрбие басы-тал бесік» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы

Хаттама №

Өтілген күні:16.11.2024 ж
Өтетін уақыты:14-00

Күн тәртібінде:

1. «Тәрбие басы -тал бесік» Баяндама, директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов
2. «Жартыжылдық оқу тәрбие жұмысының есебі» Баяндама,директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Муслимов
3.Оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы. Қ.Муслимов

1.Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов баяндама жасады. XXI ғасырда өмір сүріп, еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап уақыт талабынан өткен бай қазынасын отбасы тәрбиесінде қолдану-кезек күттірмейтін мәселе екені сөзсіз. Отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде XVII- XVIII ғасырларды өмір сүрген батыстың, орыстың педагог ғалымдары жақсы ой-пікірлер айтқан болатын. Я.А.Коменский «Ағайынды Чехтардың» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан жақсы мінез құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берсе, Швейцарияның кемеңгер педагогы И.Г.Песталоцци тәрбиені ана-тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздей отырып жүргізуді мақұлдады. Ол адамның ақыл-ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқудың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты деп ерекше атап көрсетті. Қазіргі таңда баланы заман талабына сай жеке тұлға етіп қалыптастыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда.Сондықтан «Бала тәрбиесі -тал бесіктен» екендігін әрдайым естен шығармай бірге жұмыс жасау керек.

2. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Муслимов I жартыжылдық қорытындысымен таныстырып өтті. Онда ата-аналар тарапынан туындаған мәселе оқушылардың баллдық көрсеткіштері төмендеп кеткендігі жайлы сұрақ туындаған еді. Оған Қ.Муслимов қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушыларға баға емес балл қойылады, және ол компьютерде автоматты түрде өзі шығады, сондықтан мүмкіндігінше тек жоғары балл алу қажеттігін түсіндірді. ҰБТ мәселелері бойынша және бейінді пәндер бойынша түсінбеген сұрақтарға жауап беріп,кеңінен мәлімет беріп өтті.

**Ұсыныс:**

1. Оқушылар бірыңғай классикалық формада келуін үздіксіз қадағалансын.
2. Оқушыларға мектепке смартфон алып келуге тыйым салынсын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов
Хатшысы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

«№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген жалпы ата -аналар жиналысының

**Хаттамасы**

Игілік ауылы 20.03. 2024ж

**Катыскандар саны -83**
**Катыспағандар -**

**Күн тартібі:**

1.Окушылардын көктемгі демалыс кезінге Зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтың әлімжеттіліктің, суицидтің алдын алу.
2. Мектеп окушыларының формасы туралы.
3. Әр турлі маселелер.

**Тындалды:** Бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы М.Утелов өзінің іс-жоспарымен таныстырып өтті.
**Тындалды:** Мектеп директоры С.Маденов өз сөзінде мектеттің ішкі тәртіп ережесіне сай оқушыларымыз қара көк тусті классикалық формада келу керек екенін айтып өтті және аға тәлімгер А.Атемкулов ағай сөз алып ата-аналарға ер балалар ақ көйлек, қара шалбар, қыз балдар ақ кофта юпкамен келу керек деп айтып өтті. Соңынан ата-аналарда бірінғай мектеп формасы болғаны дұрыс екенін айтып өтті.
**Тындалды:** Тәрбие орынбасары Б.Абдикаримов ағайымыз сөз алып, ата-аналар балаларының түнде көшеде жүрмеуін, сабақтан қалмауын, күндік жұмысқа бармауын қадағалау керектігін айтып, егер түнгі мезгілде жүретін бала болса ата-анаға айыппұл салынатынын және оқушылар мектеп формасын киіп келуін, сабақтан қалдырмауын қатты ескертті.

**Ұсыныс:**

1.Оқушылардың көктемгі демалысын мазмұнды өткізу жоспарын жасап таныстырылсын.
2. Оқушылардың тәртібін қадағалау барысында ата-аналармен бірлесін жұмыс жүргізілсін.
3. Оқушылар біріңғай классикалық формада келуін үздіксіз қадағалансын.
4. Оқушыларға мектепке смартфон алып келуге тыйым салынсын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов
Хатшысы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебінде 27.09.2023 жылы «Құқық бұзушылықтын, қылмыстың ерте жүктіліктің және суицидтің» алдын алу бойынша «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыбында өткізілген Ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №1

**Күн тәртібінде:**

1.Жиналыстың ашылуы, баяндама «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» ДТІЖО Б.Абдикаримов
2.Баяндама «Ерте жүктіліктің алдын алу», медбике Б.Масова
3. «Қарым-қатынас», тренинг, педагог-психолог Ж.Сулейманова
4. «Қылмыс қайдан шығады?» Бейнеролик көрсету ұйымдастырушы педагог-А.Исакова

**Тыңдалды:** Мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыбында баяндам жасап, оқу жылының басынан бері аудан, облыс және Республика аумағында жасөспірімдер тарапынан орын алған құқықбұзушылықтар жөнінде мәліметтер беріп өтті.
**Тыңдалды:** Мектеп педагог-психологы Ж.Сулейманова жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынш түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, «Қарым-қатынас» тренингін өткізді. Оқушылар өздері қызықтырған сұрақтарға жауаптар алды.
**Тыңдалды:** Мектеп медбикесі Б.Масова «Ерте жүктілік деген не?» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалып, оның алдын алу бойынша оқушыларға кеңінен түсініктер берілді.
Келесі кезекте ұйымдастырушы педагог А.Исакова «Құқық бұзушылық қайдан шығады?» тақырыбындағы көрсетілген бейнероликі көпшіліктің көңілінде ерекше әсер қалдырды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Мектеп директоры С.Маденов жиынды қорытындылап, құқықбұзушылық пен ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша ұйымдастырылған жиынны ұйымдастырылуын ұсыныс жасады.

**Ұсыныс:**

1.Баяндамашылардың баяндамалары қанағаттанарлық деп есептелсін.
2.«Құқық бұзушылықтың, қылмыстың, ерте жүктіліктің алдын алу» жұмыстары жандандырылсын.
3.Көрсетілген бейнеролик назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов
Хатшысы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінде **«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн»** науқаны аясында **«Отбасы және бала тәрбиесі»** тақырыбында өткізілген Ата-аналар жиналысы

Хаттама №3

07.12.2023

**Күн тәртібінде:**

1. Жиналыстың ашылуы,баяндама «Отбасы және бала тәрбиесі» ДТІЖО Б.Абдикаримов
2. «Қарым-қатынас», тренинг, педагог-психолог Ж.Сулейманова
3. «Зорлық-зомбылық қайдан шығады?» Бейнеролик көрсету, әлеуметтік педагог – Б.Туркебаев.

**Тыңдалды:** Мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов «Отбасы және бала тәрбиесі» атты баяндамасында Отбасында балаларды тәрбиелеуде ата-бабалардың өсиет, насихат сөздерімен, салт-дәстүр бойынша тәрбиелеу қажет екендігіне тоқтала кетті. Халық даналығында «Баланы жастан…», «Құс ұяда нені көрсе, есейгенде соны іледі» деген ұғымдарды мысал келтіре отырып, баланың бас ұстазы - ата-ана екендігін еске салып, бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі, ұл бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше рөл атқаратындығы жөнінде мәліметтер беріп өтті.

**Тыңдалды:** Мектеп педагог-психологы Ж.Сулейманова жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен ертежүктіліктің,өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, «Қарым-қатынас» тренингін өткізді. Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауаптар алды.

**Тыңдалды:** Келесі кезекте әлеуметтік педагог Б.Туркебаев «Зорлық-зомбылық қайдан шығады?» тақырыбындағы көрсетілген бейнероligі көпшіліктің көңлінде ерекше әсер қалдырды. Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Мектеп директоры: С.Маденов жиынды қорытындылап, зорлық-зомблықтың, құқықбұзушылық пен ертежүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша өткізілген жиынның жиі ұйымдастырылуын ұсыныс жасады.

**Қаулы:**

1.Баяндамашылардың баяндамалары қанағаттанарлы деп есептелсін.

2.«Зорлық-зомбылықтың», Құқық бұзушылықтың, қылмыстың, ертежүктіліктің алдын алу» жұмыстары жандандырылсын.

3.Көрсетілген бейнеролик назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы: С.Маденов

Хатшы: А.Исакова

Сканировано с CamScanner

Келес аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.Кадырбековаға
№10 «Игілік» жалпы білім
беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
әкімшілігінен

**Мәлімет**

№ 10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінде ата аналарға жиналыс болып өтті. Жиналыс барысында мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру мәселесі қозғалды. Соңғы қоңырау күні мектепке жеке студияларды жалдауғ және фото видео операторларды , мерекелік дастархан ұйымдастыруға болмайтынын айтып түсіндірілді.Соңғы қоңырау мерекелік іс шара біткен соң оқушылар жалдамалы көліктерді жалдап шерулер өткізуге жәнеде мекте әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауды қатаң тиым салынатынын ескертті.

Мектеп директоры: Є.Маденов

Сканировано с CamScanner

Келес аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.Кадырбековаға
№10 «Игілік» жалпы білім
беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
әкімшілігінен

**Мәлімет**

№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінде "ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАСТЫ - МІНДЕТ" кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты - міндет" тақырыбында ата-аналар мен жиналыс өткізілді.

| № | Іс шара тақырыбы | Сілтемесі | Сурет |
|---|---|---|---|
| 1 | №10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінде "Құқық бұзушылықтын алдын-алу"" тақырында ата-аналар жиналысы өтті. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0b87aapYsSPoDb8GqLAn1j8QvrZakC4c2ekt58ZAgsr8N7sd5yRqEmwmodq1gCy3Sl&id=100037324845857&mibextid=9R9pXO |   |

Мектеп директоры: С.Маденов

Сканировано с CamScanner

Келес аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.Кадырбековаға
№10 «Игілік» жалпы білім
беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
әкімшілігінен

**Мәлімет**

«№10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінің» директоры С.Маденов мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңесіне 2023-2024 оқу жылының І-жарты жылдығына берген есебінің жиналысы өткізілді.




| № | Мектеп атауы | Сілтемелер |
|---|---|---|
| 1 | №10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебі | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Fv1oJJVix56McnXEYBe9JyFZKcpegE94EhBfbWe9t7LXpY3Aty56EWg72RmRzwkil&id=100037324845857&mibextid=9R9pXO |
| 2 | | |

Мектеп директоры: С.Маденов

Сканировано с CamScanner

Келес аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.Кадырбековаға
№10 «Игілік» жалпы білім
беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
әкімшілігінен

**Мәлімет**

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебінде Наурыз мейрамы және көктемгі демалыс балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралардың алдын алу үшін 20.03.2024 жылы 1-11 сынып жетекшілер мен ата аналар жиналысын өткізді. Ата аналарға демалыс кезінде балаларының үйде болуын қадағалауын, беймезгіл жүрмеуін, таулы аймақтарға саяхаттауға тыйым салынатындығын сонымен қатар түнде кафелерде, ойынханаларда жүрмеуін қадағалау керектігі ескертілді. Оқушылардың демалыс кезіндегі қауіпсіздігі, бос уақытын тиімді пайдалану үшін кітап оқумен, спортпен айналысумен, отбасына қолқабыс жасауларын қадағалау ата аналардың міндеті екендігі айтылды.




| № | Мектеп атауы | Сілтемелер |
|---|---|---|
| 1 | №10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебі | https://www.facebook.com/share/p/7Putsw2kxuKeXFNZ/?mibextid=oFDknk |

Мектеп директоры: С.Маденов

Сканировано с CamScanner

Келес аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.Кадырбековаға
№10 «Игілік» жалпы білім
беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
әкімшілігінен

**Мәлімет**

Түркістан облысы Келес ауданының білім бөліміне қарасты №10 «Игілік жалпы білім беретін мектебінде ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп директоры С.Маденов және директордың оқу-тәрбие орынбасары Б.Абдикаримов және ата-аналар комитетінің төрағасы М.Утелов сөз сөйледі. Ата-аналарға мектепте сыныптарды жөндеу жұмыстарына заңсыз ақша жинау фактісі және " Соңғы қоңырау " мерекесіне орай қаржы жинаудың алдын алу мақсатында өткізілді.





| № | Мектеп атауы | Сілтемелер |
|---|---|---|
| 1 | №10 «Игілік» жалпы білім беретін мектебі | https://www.facebook.com/share/p/ANM8tLeVTf4S12Te/?mibextid=oFDknk |

Мектеп директоры: С.Маденов

Сканировано с CamScanner

# Хаттама

№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 21.01.2022 жылы 5-11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: 87

**Күн тәртібінде:**

1.Келеңсіз жағдайлардың алдын-алу және түнгі уақытта оқушылардың жүрмеуі туралы мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов
2. Баяндама «Аутодеструктивті мінез – құлықтың қалыптасуы» мектеп педагог-психологы Ж. Сулейманова
3. Баяндама «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» мектеп әлеуметтік педагогы Б. Түркебаев

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов былай деді: Қазіргі кезде әртүрлі ойындардың балаға әсері болып жатқаннан алдын алу масатында ата-аналарға сол туралы қатты қадағалап айтып кетті. Ата-аналарға баланы әрқашан қадағалап тұруын ескертті. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде көптеген түрлі сайттардың көбейіп кеткендігін, ата-ана үнемі баланың немен айналысып жатқандығын, компьютерде немесе ұялы телефон арқылы не көріп жатқандығын үнемі қадағалап отыру керектігін ескертті. Түнгі уақытта баланың көшеге шықпауын қадағалауын ескертті.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы ата-аналарға видеороликтерді көрсетіп, сол арқылы Аутодеструктивті мінез-құлықтың шығу себептерімен таныстырып өтті. Сол себепті баланың телефонында қандай сайттарға кіретінін кіммен және не істеп отырғанын қадағалауын ескертті. Әрқашанда баланы тыңдап, оның айтқан сөзіне зейін салып, сырласу керек. Баланы шектен тыс қаталдық немесе шектен тыс еркелетуге болмайды себебі ол баланың дамуына өз әсерін тигізетінін ескертті. Ата-ана әрқашан баласын қолдап, алдына қойған мақсатарына жетуге көмектесу және ешқашанда баланы салыстыруға болмайтынын түсіндіріп өтті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагогы Б. Түркебаев ата-аналарға отбасындағы зорлық – зомбылықтың балаға қаншалықты әсер ететінін түсіндіріп өтіп , бірнеше видеороликтер көрсетті.

Сканировано с CamScanner

**Шешім:**

1. Оқушылардың түнгі уақытта жүруін тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов сұралсын.

2. Оқушылардың үйде қатаң бақылау ата-аналардан сұралсын.

3. Оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізу, түсіндіру, түзету жұмыстарын жүргізу мектеп психологы Ж. Сулеймановадан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы:** Б. Оралов

**Хатшы:** С. Жауғашова

Сканировано с CamScanner

# Хаттама

№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 12.02.2022 жылы 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: 91

**Күн тәртібінде:**

1. «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов
2. «Отан отбасынан басталады» мектептің тәлімгері А. Атемқұлов
3. Баяндама «Ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынас» мектеп педагог-психологы Ж. Сулейманова
4. Баяндама «Патриоттық тәрбие» мектептің АӘД пән мұғалімі Е. Нысанбаев
5. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының уақытша міндетін атқарушысы Қ. Муслимов ата – аналарға бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Ата – аналарға әр сәнсенбі күні «Ашық есік» күні деп айтты, сол кезде балаларының сабақтарына қатысуына болатындығын айтты.
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов былай деді: Қазіргі кезде «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында баяндама оқыды. Ұялы телефонның балаға қатты әсері болып жатқаннан және алдын алу масатында ата-аналарға сол туралы қатты қадағалап айтып кетті. Ата-аналарға баланы әрқашан қадағалап тұруын ескертті.

Екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері «Отан отбасынан басталады» атты баяндамасын оқып және видеоролик көрсетті. Ата – аналарға балаларын таңертең ерте оятып жіберуін, балалардың мектепке кешігіп келіп жатқанын ескертті. Мектепте «өзін - өзі басқару» мүшелерімен таныстырып өтті. Ата –аналарға өзін - өзі басқарудың мақсаты мен міндеттерін айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы ата-аналарға видеороликтерді көрсетіп, сол арқылы ата – анамен бала арасындағы қарым – қатынас түрлерімен таныстырып өтті. Видеороликті көрсетіп болған соң ата – аналарға қандай әсер алдыңыздар? Қандай сезімде болдыңыздар деп ата – аналарға бірнеше сұрақтар қойып жауап алды. Оқушылардың бойындағы өзгерістері мен мінез-құлықтың шығу себептерімен таныстырып өтті. Әрқашанда баланы тыңдап, оның айтқан

Сканировано с CamScanner

сөзіне зейін салып, сырласу керек. Баланы шектен тыс қаталдық немесе шектен тыс еркелетуге болмайды себебі ол баланың дамуына өз әсерін тигізетінін ескертті. Ата-ана әрқашан баласын қолдап, алдына қойған мақсатарына жетуге көмектесу және ешқашанда баланы салыстыруға болмайтынын түсіндіріп өтті. Сөз соңында ата – аналарға 14 кеңестер берілді.

Төртінші мәселе бойынша мектептің АӘД пән мұғалімі Е. Нысанбаев «Патриоттық тәрбие» атты баяндамасын оқып өтті. Ата-аналарға «Отан сүю отбасынан басталады» отан сүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор екенін ескерттіп айтты.

Әртүрлі мәселелерге ата – аналар сөзге шығып өз көзқарастарын айтып өтті.

**Шешім:**

1. Оқушылардың түнгі уақытта жүруін, сабақтан себепсіз қалуын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Абдикаримов сұралсын.

2. Оқушылардың үйде қатаң бақылау ата-аналардан сұралсын.

3. Оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізу, түсіндіру, түзету жұмыстарын жүргізу мектеп психологы Ж. Сулеймановадан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы:** **Б. Оралов**

**Хатшы:** **С. Жауғашова**

Сканировано с CamScanner

**№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдык мемлекеттік мекемесі ата-аналары жиналысының хаттамасы №2**

17.11.2021ж Игілік ауылы.

Қатысуға тиісті - 168
Қатысқаны - 98

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылының 1 тоқсан қортындысы. Мектеп директорының м.у.а Қ.Муслимов
2. Жасөспірімлер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм, нашақорлық, суицид туралы. (Ермек Бауыржан Ертайұлы)
3. Кәмелетке толмаған мектеп оқушылар арасында құқық бұзушылықтың қылмыстың алдын алу мақсатында.
   (Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспектроы полиция майоры Т.Қоштаев)
4. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Қ. Муслимов өткен 2021-2022 оқу жылының 1 тоқсанына қортынды жасап өтті. 1 тоқсанды 494 оқушы аяқтап олардың 68-і мектепті үздік аяқтағандығын, 50 оқушы 9-сыныпты аяқтап негізгі орта білімі туралы куәлік, 43 оқушы 11-сыныпты аяқтап, жалпы орта білім туралы аттестат алғандығын айтып өтті. Жалпы өткен 1 тоқсанды қанағаттанарлық деп қорытындылады. Биылғы 2021-2022 о жылың 2 тоқсанын 494 оқушымен бастап, жаңартылған білім мазмұны бойынша жаңалықтарға тоқталып өтті.

Келесі мәселе бойынша сөз алған оқу ісінің меңгерушісі Қ. Мулимов оқушылардың білім сапасына, ҰБТ-ның нәтижесіне, жетістіктер мен 2021-2022оқу жылындағы жаңартылған білім бойынша бес күндік оқу жоспарымен, бағдарламаларымен, сабақ кестесімен, үзілістердің уақытын таныстырыпөтті. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ таңғы 08.45-те басталады, 1-сабақтан кейін 5-минут үзіліс , 2-сабақтан кейін 5-минут үзіліс, 3-сабақтан кейін 15-минут үзіліс және қалған үзілістер 5-минуттан екендігін, әр сабақ 45-минуттан өтілетінін айтты.

Сөзге шыққан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдикаримов оқушылардың сабаққа қатысуы бастауыш сыныптарда жақсы, ал орта буын мен жоғары сыныптарда жиі кездесетіндігін атап өтті. Ата-аналарға балаларды себепсіз мектептен алып қалмауын, егерде себеп болса сынып жетекшіге немесе мектеп әкімшілігіне ескерту керектігін айтты. Оқушылардың тәртібі жаман еместігін айтып, дегенменде ата-аналардан балалардың тәртібін мұқият қадағалау керектігін ескертті. Кешкі мезгілде сағат 22.00-ден кейі балаларды үйден шығармауын ескертті. Ата-анамен мұғалім

Сканировано с CamScanner

біргелікте баланың үлгерімін қадағалап, үнемі бақыласа оқушының білімін көтеруге әбден болатындығын ескертті.

Кейінгі мәселе бойынша сөз алған Келес АІБ ПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны Т.Қоштаев қазіргі таңда оқушылар арасында құқықбұзушылықтың жиілеп бара жатқандығын ескетіп, ұялы телефонның әсерінен көптеген қылмыстар пайда болып жатқандығын, балаларды кешкі мезгілде қамқоршысынсыз көпшілік жиналатын орындарға, ойын-сауық өтетін орындарға жалғыз жібермеу керектігін ескертті. Жастардың діни сауатсыздығынан, діни ағымдардың көбейіп кетуіне байланысты жастарға тура жол көрсету , тыйым салынған діндер туралы көбірек мәлімет беріп отыру керек. Жастар арасында суицидтің жиілеп бара жатқандығын ескетіп, бала мінезінде ауытқу пайда болса шұғыл түрде психологпен хабарласу керек екендігін айтты.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Қ.Муслимов ата-аналар комитетінің құрамын жаңадан сайлау немесе былтырғы құрамды қалдыру мәселесін көтерді. Ата-аналар комитет құрамына жаңа мүшелерді сайлау керектігін ұсынды. Қ. Муслимов бірінші кезекте әр елді мекеннен ата-аналар комитетінің мүшелері мен төрағаларын сайлап алуды ұсынды. «Игілік» елді мекенінен сөзге шыққан ата-ана М. Өтелов Игілік ата-аналар комитеті құрамына төмендегі ата-аналарды ұсынды: Бегзат Оразбаевты, «Түнеке там» елді мекенінен сөз алған Серік Бабақұлов мына ата-аналарды ұсынды: Жарқынбеков Мұхтарды, « Жабай төбе» елді мекенінен сөз алған Ұлзада Күзембаева Әлеуханова Ұлжамалды, «Еңбек» елді мекенінен сөзге шыққан а Наргиза Ақылбекова Ерінбетова Хадишаны ұсынды. Келесі сөзге шыққан ата-ана Ботаев Көшкенбай мектептің ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналарды ұсынды: Сарыбаев Құттыбый, Тұранқұлова Тұрсынайларды ұсынды.

Ата-аналар ұсыныстарды бірауыздан қолдап, жоғарыда аталған ата-аналар төрағалық және мүшелікке бекітілуді ұсынды.

Түрлі мәселелер бойынша Б.Абдикаримов тасымалдау бойынша әр елді мекенде ата-аналардан кезекшілік ұйымдастырылып, оқушыларды тасымалдау көлігіне шығарып салу керектігін ескертті. Дау-жанжалдың көбісі ұялы телефоннан шығатындығын айтып оқушылардың мектепке ұялы телефон алып келмеу турулы ұсыныс жасап, ата-аналар бұл ұсынысты толық қолдады. Әрбір ата-ана мектеп әкімшілігімен келісім шартқа отыру керектігін ескертті.

Жоғарыдағыларды тыңдай келе ата-аналар жиналысы төмендегідей шешім қабылдады:

**Шешім:**

1. 2021-2022 оқу жылының 1 тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақтар бес күндік оқу күніне көшірілсін.
3. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, үлгерімін т. б. қадағалау сынып жетекшілер мен ата-аналардан сұралсын.
4. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың , діни экстремизмнің , нашақорлық пен суицидтің алдын алу шараларын өткізу сынып жетекшілерден үйде қадағалау ата-аналардан сұралсын.
5. Мектепке мектеп оқушыларының ұялы телефон алып келуіне қатаң тыйым салынсын.

Сканировано с CamScanner

6. Мектептің ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналар бекітілсін:

**Жиналыс төрағасы:** **Қ. Муслимов**

**Ата-аналар ком. төрағасы:** **Д.Оралов**

**хатшысы:** **А.Исакова**



Сканировано с CamScanner